

## Ақбереннің сұрағына жауап

Мұхтар Мағауиннің аталары Көпбейіт-Босаға деген мекенге 200 жылдан астам, ұзақ уақыт бойы табан аудармай қоныстанған. Бұл – 1886 жылы Абай келіп қонған, “Жаз” өлеңін шығарған атақты жер. Айналасы екі шаршы шақырымдай ғана. Түстік беттегі Босаға аталатын биіктің етегінде Мағауин әулетінің қыстауы және ата-баба зираты тұр. Ал терістік бетте, тоқал қыраттың сайлауыт бойында Көпбейіт атаулы қалың зират бар. Зираттың өр жағында, қазірде солтүстік-батыс қабырғалары ойылған қатарлас үш күмбез тұр. Соның ортаңғысы Нұралы байдың күмбезі. Менің үлкен әкем Мағауия арғы аталарынан жеткен дерек бойынша нақты осылай деп айтатын. Ешқандай қате болуға мүмкін емес. Мен бұдан бұрынғы кейбір жазбаларымда және Абай туралы “Жаздықүн шілде болғанда” деген әңгімемде атап жазғам. Мағауия атам Нұралының екі жағындағы екі күмбез екі баласы деп айтатын. Есімдері сақталмаған.

Нұралы әулеті, бүкіл Қосай руы Бақанастың етегіне, Дағандел бойына сол 18-ші ғасырдың ақырында көшіп кеткен екен. Бақанастың өрі Қожагелді руының иелігінде қалған. Ал Көпбейіт-Босаға біздің әулеттің құтты ұясы болды. Күні кеше Нұралы мен баласының күмбезінің жөн-жобасы біздің ауылдағы қойшы-қолаңға дейін, қатын-қалашқа дейін мағлұм болатын. Алғаш рет шатыстырған және бәрін бүлдірген Нұралыдан шыққан Біліс дейтін байшыкеш. Әйтеуір атасы Көпбейіте қойылған деп ұзынқұлақтан естіген сияқты. Егер Нұралы шынымен-ақ Көпбейітте жерленсе, неге осыншама бай-бағлан, атақты адам қатардағы, белгісіз тас қабірлердің бірінде қалуы керек. Сонда анау күмбездер кімдікі деп Біліс ешкімнен сұрамаған. Ақыры, көпе-көрнеу жағдай көмескіге айналып, жұртты осыншама шатыстырды. Айтпақшы, үш күмбездің етегінде, ойға таман шаршы кірпіштен емес, шымнан қаланған шошақша тағы бір күмбез тұр. Бөжембай деп айтатын. Басқа дерегі жоқ.

Осымен білместік нәтижесінде бұрмаланған қисынсыз дерекке тоқтау салынғаны жөн. Жалпы жұрт үшін, Нұралы байдың кейінгі ұрпақтары үшін. Әйтпесе, обал ғана емес, күнаға тартып тұрған лақап.

Мұхтар Мағауин  
2.XII.2024, АҚШ.